

Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің тізбесін және ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілеріндегі шаруашылық қызметті реттеу құқықтық режимінің ерекшеліктерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 қаңтардағы N 59 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 23 тамыздағы № 672 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.08.2025 № 672 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 20-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:
 - 1) ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің тізбесі;
 - 2) ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілеріндегі шаруашылық қызмет реттеу құқықтық режимінің ерекшеліктері бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 21 қаңтардағы
N 59 қаулысымен
бекітілген

Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің тізбесі

1. Каспий теңізі
2. Балқаш көлі
3. Зайсан көлі
4. Алакөл көлдер жүйесі
5. Ертіс өзені

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 21 қаңтардағы
N 59 қаулысымен
бекітілген

Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілеріндегі шаруашылық қызметті реттеу құқықтық режимінің ерекшеліктері

1. Қоршаған орта мен өңір экономикасына басым әсер ететін, табиғи гидрологиялық жағдайлары, жануарлар дүниесі мен өсімдіктер дүниесі едәуір дәрежеде сақталған және сондықтан шаруашылық қызметті реттеудің ерекше құқықтық режимін талап ететін неғұрлым ірі табиғи су объектілері ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілері (бұдан әрі - ЕММСО) деп танылады.

2. ЕММСО-да шаруашылық қызметті реттеудің ерекше құқықтық режимін енгізудің мақсаты:

әрбір ЕММСО мен оның бассейнінің табиғи ерекшеліктеріне, су шаруашылығы саясатына және экономикалық жағдайларға сәйкес су ресурстарын басқару жүйесін қалыптастыру;

су шаруашылығы проблемаларын шешу кезінде биліктің мемлекеттік органдары, жергілікті өзін өзі басқару органдары және су пайдаланушылар арасында өзара іс-қимылдың тиімді тетіктерін жасау болып табылады.

3. Су ресурстарын кешенді түрде пайдалану мен қорғаудың бассейндік схемаларын әзірлеу кезінде мыналарды:

экономика салаларының экологиялық, мәдени және тарихи құрамдас бөліктерімен мүдделері теңдестірілуін, табиғат қорғау және санитарлық-эпидемиологиялық су жіберу көлемін, ЕММСО-дағы судың қолайлы деңгейін айқындауды;

шаруашылық қызметін бұзылған аумақтарда су объектілерін ластанудан қорғаудың технологиялары мен инженерлік-технологиялық құралдарын жасауды ;

ауыл шаруашылығы мен табиғи ландшафтардың сарқынды суынан ЕММСО-ны қорғау жөніндегі жүйелер мен іс-шараларды, ЕММСО аймақтарында орналасқан қалаларды жауын-шашын мен еріген қар суынан тереңдете тазарту жүйелерін әзірлеуді қамтитын шаруашылық қызметті реттеу режимі жөніндегі ұсынымдарды әзірлеуге қосымша талаптар қойылады.

4. ЕММСО бассейніндегі шаруашылық қызмет режимі мынадай қағидаттарға сай болуы тиіс:

1) санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық ахуалды сақтауға әрі жақсартуға бағытталған қызмет түрлерінің басымдылығы;

2) шаруашылық қызметтің су объектілеріндегі экологиялық жүйеге және санитарлық-эпидемиологиялық ахуалға әсерін ұдайы азайту;

3) орнықты даму қағидаттарына негізделген әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешудің теңгерімділігі және ЕММСО-ны қорғау;

4) мемлекеттік экологиялық сараптаманың міндетті түрде жүргізілуі;

5) су объектілерінің жай-күйіне, қоршаған ортаға, халықтың экологиялық қауіпсіздігі мен санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығына теріс әсер етуі мүмкін шаруашылық және өзге де шешімдердің дайындалуы мен қабылдануы үшін қоғамдық бақылауды жүзеге асыру.

5. ЕММСО аумағында тыйым салынған шаруашылық қызметтің түрлері Қазақстан Республикасы Су кодексінің 130-бабында айқындалған.